

«Аңыз адам» журналының сұрақтары:

1. Салахаддин Аюби өзінің шын аты емес, лақап аты көрінеді. Шын аты кім? Салахаддин есімі оған қалай таңылды?
2. Салахаддин қай жылы, қандай отбасында дүниеге келді?
3. Әкесі Аюб қандай жан болған?
4. Салахаддиннің балалық шағы туралы қандай деректер бар?
5. Оның әскер өнеріне қызығушылығы қай кезден басталған?
6. Жауынгер Салахаддин Египет әміршісіне қалай айналды?
7. Оның жасаған жорықтары мен жаулап алған мемлекеттеріне кеңірек тоқталсаңыз.
8. Үшінші крест жорығы Салахаддиннің дәрежесін аспандатқан шайқастардың бірі болды. Бұл жорық қалай орын алған еді?
9. Даңқты әміршінің өлімі туралы не айтасыз?
10. Әйелдері, балалары туралы қандай деректер бар?
11. Салахаддиннің адами тұлғасы жөнінде қандай мәліметтер белгілі?
Ол туралы: «Ол ешқашан жеңілген жауларын жәбірлеп, өлтіріп немесе қинаған емес» деп айтылған сөз қаншалықты рас?

1. Салах ад-Дин немесе толық аты Әл-Мәлік ан-Насыр Салах ад-Дунийа уад-д-Дин Әбул-Мұзаффар Юсуф ибн Аййуб – ортағасырлық араб-мұсылман халықтарының тарихында ерекше орын алған атақты мұсылман қолбасшысы, Мысыр мен Шамның сұлтаны. XII ғасырда Мысыр, Сирия, Ирак, Хиджаз және Йемен жерлерін жаулап, онда Аййубидтер әулетінің билігін орнатқан. Орыс және Батыс тарихнамасында Саладдин деген атпен танымал тұлға.

Шын мәнісінде Салах ад-Дин деген оның лақап аты, яғни ол діннің парасаты мен абыройы деген мағынаны білдіреді, бұл оған ислам әлемін кресшілердің шабуылынан қорғап, олардың қолынан мұсылмандардың қасиетті қалаларының бірі Әл-Құдысты азат еткеніне байланысты халықтың дәріптеуінен, елдің разылығы мен ықыласының нәтижесінде таңылған, ал шын есімі - Юсуф ибн Аййуб.

2-3. Салах-ад-Дин 1138 жылы Месопотамия жерінде, (қазіргі Ирак территориясы) Тикрит елді мекенінде, күрдтер отбасында дүниеге келген. Оның балалық шағы туралы деректер аса көп емес, атасы Шади Армения жерінің Двин аймағын мекендеген күрдтердің *рауадия* тайпасынан шыққан екен. 1134 жылы Шади өзінің екі ұлы Ширкух пен Аййубты алып, Ирактағы Батыс Селжұқ мемлекетінің сұлтаны болған Масуд ибн Мұхаммедке (1134-1152) қызметке келеді. Масудтың бұйрығымен Шади Тикрит бекініс-қаласының губернаторы болып тағайындалады, кейіннен Шади қайтыс болғаннан кейін бұл қызмет Аййубқа ауысады. Наджм ад-Дин Аййуб ибн

Шади бұл қызметте көп тұрақтап қала алмайды, себебі, 1938 жылы, ағасы Ширкух, бір қақтығыста беделді селжұқ жауынгерін өлтіріп қояды, соның салдарынан ағайындылар Тикриттен кетуге мәжбүр болады. Дәл осы кезеңде Аййубтың ұлы Юсуф дүниеге келген екен.

Тикриттен шыққан Ширкух пен Аййуб Имам ад-Дин Зеңгінің сарайына келеді, кезінде өмірін сақтап қалған Аййубқа ризашылығын білдірген Зеңгі оны Ба'албек қаласының (Қазіргі Ливан мемлекетінің жерінде) әміршісі етіп тағайындайды.

4-5. Салах ад-Дин жасөспірім шағында Дамаскіде тұрып, жан-жақты білім алған, арифметика мен ислам құқығын терең меңгерген. Діннен басқа арабтардың генеалогиясы, тарихы, әдебиетіне де терең қызығушылық танытқан, тіпті араб поэзиясының он томдығы, Абу Таммамның «Хамасын» жатқа білген деген де деректер бар. Кейіннен Салах ад-Дин Дамаск мен Халебтің әміршісі болған Нұр ад-Дин Зеңгінің тұсында қолбасшы болған немере ағасы Асад ад-Дин Ширкух ибн Шадидің қарамағында, XII ғасырдың 60-шы жылдары Фатимидтер халифатына қарсы соғыстарда жауынгерлік шеберлігін танытқан. Әскери міндеттерін өтей жүріп, ол өзінің әкімшілік және қорғаныс істері салаларында да қабілеттілігімен айрықша көзге түседі.

Бұл кезең тарихта айбынды араб-мұсылман халифатының ыдырап, бөлшектене бастаған тұсына тұспа-тұс келді. Аббас әулеті басқарған Бағдад халифатының құрамындағы елдерде халиф билігіне бағынбайтын жартылай дербес мемлекеттер пайда болды. Мысырда билікте исмаилиттік фатимидтер әулетінің билігі орнаса, Дамаскі Батысында кресшілердің мемлекеттерімен және Шығысында Бағдадтың арасында қалды. Ал, мұсылмандық Шығыста билік құрған түріктердің Селжұқтар империясы да ішінара алауыздыққа ұрынып, бірнеше бөлікке бөлініп кетті. Мұсылман қоғамында ислам әлемінің байырғы айбынын қайтарып, сыртқы жауларының алдында басын біріктіретін саяси тұлғаның қажеттілігі айқын сезілді. Дәл сол тұлға – Салах ад-Дин болды.

6. Салах ад-Диннің тарихи тұлғаға айналар тұсы тарихта Фатимидтер халифаты (909-1171 жж.) билігінің құлдырау кезеңінен бастау алады. Халиф әл-Мунтасирдің (1036-1094) басқаруында Фатимидтер мемлекетінің тарихындағы ең қиын кезеңдер өтті. Ніл өзеніндігі су деңгейінің жеткіліксіз болуы және оба ауруының эпидемиясы ұзақ ашаршылыққа соқтырып (1064-1072 жылдар бойы), ел шаруашылығына үлкен шығын келтірді. Сонымен бірге әскер байларының әртүрлі топтарының арасындағы күрес өршіді. Бағындырылған халықтардың қарсылығы және орталық биліктің әлсіреуі мемлекет жерінің азаюына себеп болды. 11 ғ. мемлекеттегі нақты билік халифтардан әскер уәзірлеріне ауысты. Бұл билікке исмаилит дін басшылары да таласты, әсіресе халиф әл-Мусталидің (1094-1101) және әл-Амидің (1101-1130) кезінде 12 ғ. ортасына қарай экономикалық құлдырау және елдегі анархия өзінің ең шеткі сатысына жетті.

Халифаттың құлауы келесі жағдайларда өтті. Сирия сұлтаны, Атабек Нұр ад-Дин Зеңгі (1146-1171) Мысырды алуға ұмтылды (бұл селжұқтардың да мақсаты еді). Атабек мақсатының бірі, осы жерден оңтүстік кресшілердің Иерусалим корольдігіне шабуыл жасауына қарсы бекініс құру болатын.

Фатимидтердің қуылған уәзірі Шавардың құқығын қорғау желеуімен ол Мысыр үшін табанды әскери және дипломатиялық күресті бастады. Нұр ад-Дин Мысырға Ширкух әмір бастаған түркімен және күрд отрядын үш рет жіберді, сөйтіп кресшілердің Мысырды басып алу қаупінің бетін қайтарды. 1168 ж. Шавар қаза болғаннан кейін ақырғы фатимид әл-Адид (1160-1171) халиф шебер саясаткерлігімен көзге түскен фатимид сарайындағы Ширкухты өзіне уәзір етіп тағайындады. Келесі жылы Ширкух кенетен қаза болғаннан кейін, уәзірлік оның жанындағы жиені Салах ад-Дин Иусуф ибн Аййубке ауысты.

1171 ж. өлгелі жатқан фатимид халифінің орнын басып Салах ад-Дин Мысырда Аййубидтер династиясының бірінші сұлтаны болды. Судан отрядтарының және басқа фатимидтер жақтастарының қарсылығын басып, фатимидтер армиясының қалдығын тарқатып жіберді. Жаңа армияның негізгі күшін Салах ад-Дин күрд және түркмен отрядтарынан жасақтады. Мысырдың құлдыраған әскери флотын да қайта қалпына келтірді.

Салах Ад-Дин тұсында Мысыр Аббасидтер халифінің діни билігіне қайта оралды, ол Фатимидтер тұсында мемлекетте үстемдік еткен исламның шииттік ағымынан бас тартып, ресми дін ретінде суннизмді қабылдады. 1174 ж. Аббасид халифасы әл-Мустади Салах ад-Динге сұлтан титулын силап, оған инвеститура грамотасын және бағалы киімдер беріп, оның алдағы жорықтарын санкциялады.

1170 ж. Мысырда бірнеше діни оқу орындары, медреселер ашыла бастады. Жаңа типті оқу орнында суннит доктринасы сабақ берудің негізі болды. Құрылтайшылар болып Салах ад-Диннің өзі, оның әмірлері, бай көпестер, ғалымдар, тегі атақты әйелдер шықты. Медреселердің салынуы Салах ад-Дин мұрагерлерінің тұсында да жалғасты. Өкінішке орай, ол кезеңдегі тарихи ескерткіштерден бүгінгі Қаир қаласында тек Салах ад-Диннің салдырған қорғаны ғана сақталып қалған.

Аййубидтер тұсында Мысырда атақты ғұлама теолог – Әл-Ғазали (1058-1111) негізін қалаған ортодоксальді формадағы исламның мистика-пантеистік ағымы – суфизм кеңінен таралды. Аййубидтердің уақытында Мысырда көптеген Суфий паналықтары (ханака) пайда болды. Ірі дін орындарының басшыларын әдетте сұлтанның өзі тағайындады, мемлекеттен олар заттай алымдарды және едәуір ақшалай қаражат алып отырды. Одан басқа олардың иелігінде жылжымалы және жылжымайтын қала мүлкі және ауылды жерлерде жер үлестері болды.

7. Салах ад-Дин сұлтан Мысырдағы билігін орнықтырғаннан мемлекеттің күш-қуатын арттыру мақсатында көршілес елдерді жаулап ала бастады. 1172-1193 жж. өзінде-ақ Баха ад-Дин Қарақуш ат-Тақауи қолбасшы бастаған Мысырдың әскері Солтүстік Африка жағалауындағы

Барка мен Триполиді тұтас басып алды. Бұл батыстан төнген қауіпті азайтты және корабльдер құрылысына қажет ағаштардың жеткізіліп қамтамасыз етілуіне мүмкіндік берді. 1174 ж. Салах ад-Диннің ағасы Туран-шах 1037 ж. бері исмаилиттік сулахидтер династиясы басқарып келген Йеменді жаулап алады.

Салах ад-Диннің Мысырдағы қуаты артқан сайын Сирияның билеушісі Нұр ад-Динмен арасы салқындай түскен еді. 1174 ж. Сирия атабегі Нұр ад-Дин Зеңгі қайтыс болады, оның сириялық иеліктері үшін жекелеген вассалдықтар арасында күрес өршиді. Осы кезеңде Нұр ад-Дин Зеңгінің жасөспірім ұлы Махмұд Салихтің құқығын қорғау сылтауымен Салах ад-Дин аздаған әскерімен Мысырдан Сирияға аттанады. Сол жылы-ақ сириялықтар тарапынан аса қарсылық көрмеген салах ад-Дин Дамаскіні, 1182 ж. Халепті бағындырды. 1186 ж. кейбір Зингидтер және Артукид түріктері қоныстанған Жазираның (Тигр және Евфрат аралығының солтүстік бөлігі - Қосөзен) алынуы тәмамдалды. Солтүстік Африкалық жағалаудағы Мысыр әскерінің жорықтары 1187 жылы Қайруанды толық бағындыруымен аяқталды, бұл батыстан төнген қауіпті сейілтіп, кресшілерге қарсы шешуші күреске шығуға мүмкіндік берді. Фатимидтер халифатының қалдығын және Сирия атабектерінің мемлекеттерін бір бүтінге біріктіріп, Салах ад-Дин өздерінің жауларына бірегей үлкен сұлтанатты қарсы қойды. Сөйтіп, мұсылман әлеміндегі ең қуатты билеушіге айналды.

8. Салах ад-Диннің даңқын асырып, айбынын асқақтатқан шайқастардың бірі – үшінші крес жорығы. Бұған дейін де Салах ад-Диннің кресшілерге қарсы бірнеше дүркін күрес жүргізген. 1170 жылы Қызыл теңізге шығатын Ақаба бұғазындағы Айла айлағына, сонымен қатар Иерусалим патшалығының Ғаза шекаралық бекінісіне жорықтар жасаған. 1181 жылы Мысыр флоты Қызыл теңіз арқылы Хиджазға өтпек болған кресшілерді талқандайды.

Кресшілерге қарсы шабуылды бастауға Сириядан шөлейт арқылы Мысыр мен Хиджазға өтер жолда, Өлі теңіздің шығысына қарай орналасқан Карака бекінісінің әміршісі Рейнальд Шатильонскийдің сатқындығы себеп болды. Ол бұл жолдан өтетін мұсылман саудагерлерінің керуендерін тонамауға уәде бергенімен, сертті бұзып Салах ад-Диннің әпкесі келе жатқан керуенге шабуыл жасайды. Осы оқиғадан кейін Салах ад-Дин Дамаскіде мұсылман әскерлерін жиып, 1187 жылы кресшілерге қарсы Қасиетті соғысты бастайды. Хиттин түбінде өткен шайқаста кресшілердің әскері тас-талқан болып жеңіледі, Иерусалим королі Гвидо де Лузиньян мен бірге басқа да ірі көсемдері мұсылмандардың тұтқынына түседі, үш айдан кейін Иерусалимде Салах ад-Дин әскерінің жеңіс жалауы желбірейді. 1188 жылы Антиохия және Триполи князьдіктері жерлерінің көп бөлігі, 1189 ж. Карака бекінісі мен оңтүстіктегі Шаубак бекіністері де басып алынады. Салах ад-Диннің бұл жеңісі кресшілердің мұсылман әлеміне қарсы үшінші жорығының басталуына түрткі болды. Бұл уақытта кресшілердің қолында тек Тир бекінісі ғана қалған болатын. Кресшілерге осы кезде Еуропадан ағылшын королі І

Ричард (Арыстан жүректі Ричард) пен француз королі II Филипп бастаған әскер көмекке келеді. Екі жылға созылған теке-тіресте соғыстан титықтаған француз королі әскерін алып Еуропаға қайтып кетеді, ал I Ричард ақыры Салах ад-Диннен жеңілгенін мойындап, 1192 жылы Рамлада онымен бейбіт бітімге келеді. Салах ад-Диннің шарты бойынша Яффадан Тирға дейінгі аралықтағы кішігірім жағалау аумағынан басқа Палестинаның барлық жері мұсылмандар қол астына өтеді. Сонымен қатар осы келісімшарт бойынша Салах ад-Дин құлшылық парызын өтеуші христиандардың Қасиетті жерге зиярат етуіне рұқсат береді. Иерусалимнің христиан тұрғындарының қаланы тастап шығуына және біразына қалада қалған ауыр жарақаттанған науқастарды күту үшін қалуға да рұқсат береді. Кезінде кресшілер Иерусалимді жаулап алғанда қаланың барлық мұсылман тұрғындарын қырып салған болатын.

Жалпы үшінші крес жорығы туралы зерттеулер шығыстан гөрі батыс тарихнамасында көп кездеседі. Батыста Салах ад-Диннің жауларына қанша қаталдық танытса, сонша әділетті болғаны туралы, бекзаттығы мен парасаттылығы жайлы аңызға айналған.

9-10. Салах ад-Дин 1193 жылы Дамаскіде қайтыс болды. Оның өсиеті бойынша мемлекетті басқару ұлдары мен ағасы Әділге берілді. Үлкен ұлы Афдал Дамаскіні, Азиз – Мысырды, Захир – Халебті, Әділ Месопотамия жерлерін иемденді. Ағайындылар арасында билік үшін күрес басталып Азиз Афдалды Дамаскіден қуып шығарып, билік ақырында Әділге өтті.

1198 жылы Азиз қайтыс болған соң, Каирде Әділдің билігі орнады, осылайша мемлекеттің біртұтастығы қайта қалыптастырылды.

1218 жылға дейін билік құрған Әділ кезінде кресшілермен қарым-қатынас бірқалыпты тұрды. Алайда кресшілер барлық мұсылман күштерінің орталығы болған Мысырды жаулап алудан бас тартпады, 1204 жылғы төртінші крес жорығы осы мақсатты көздегенімен, діттеген мүддесіне жетпеді.

Әділдің билігін оның ұлдары жалғастырды. Мысырда – Кәміл (1218-1238), Дамаскіде – Муаззам Иса, Жазирада – Ашраф Мұса билік етті. Тек Халеб қана Салах ад-Диннің ұрпақтарының қолында болды.

1217-1219 жж. бесінші крес жорығының мақсаты да Мысырды жаулап алу болды, онсыз кресшілердің Иерусалимге билік етуі мүмкін емес еді. 1219 жылы кресшілер Мысырдың Дамиятта қаласын жаулап алады, алайда Аййубидтердің біріккен күштерінің қарсылығына төтеп бере алмаған олар қаланы қайта қайтаруға мәжбүр болды.

1228 жылы герман императоры, «қос Сицилия» королі II Фридрих Гогенштауфен бастаған алтыншы крес жорығы ұйымдастырылды, дегенмен бұл уақыттарда аййубидтер жерінде маңызды жорықтар болмады.

1229 жылы Кәміл Фридрихпен келісім жасайды. Бұл келісім бойынша кресшілерге Иерусалимнің теңізбен жалғастыратын тар жолақ жері қайтарылады. Бұл үшін Фридрих Кәмілге оның мұсылман және христиан жауларына қарсы күресінде көмек көрсетуге уәде берді.

1238-1240 жж. Мысыр мен Дамаскіде Кәмілдің кіші ұлы II Әділ, 1240-1249 жж. аралығында үлкен ұлы Салих Наджм ад-Дин Аййуб билік жүргізді. Салих кезінде хорезмдік тайпалардың көмегімен 1244 ж. Иерусалим кресшілерден түбегейлі қайтарылды.

1249 жылы француз королі IX Людовик Дамьеттаны қайта жаулап алады, алайда Мансур түбіндегі шайқас француз әскерінің күйрей жеңілуіне әкелді, IX Людовик тұтқынға түседі. Мысырды жаулап алу, Сирия иеліктерін қайтарып алу мақсатындағы кресшілердің кейінгі жорықтары да сәтсіздіктерге ұшырады.

Жалпы, Аййубидтердің ұрпақтары Мысырда 1252 ж. дейін, Дамаск және Халебте – 1260 жылға дейін, Жазирада – 1245 ж. дейін, Химсада – 1178-1262 ж. бойы (Ширкухтың ұрпақтары), Хомста – 1341 ж. дейін, Йеменде – 1228 ж. дейін биледі.

XII ғасырдың аяғында XIII ғасырдың басында мысырлық Аййубидтердің армиясындағы жалдамалы күрдтер және түркмендер өздерінің орнын сатып алынған құлдарға босата бастады. Әсіресе, сұлтан Салих тұсында түркі тектес құлдар (мәмлүктер) сатып алынды, ақыры сұлтан олардың қолындағы қуыршақ билеушіге айналды. Оның мұрагері, аййубидтердің ақырғы сұлтаны Муаззам Туран-шаһ мәмлүктерге әмірін жүргіземін деп өмірімен қоштасты. Тураншаһтың әйелі Шаджарат ад-Дурр үш ай басқарғаннан кейін Мысырдағы Аййубидтердің билігі аяқталды. Бұдан кейін Мысыр тарихында мәмлүктердің билік кезеңі басталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. История Востока. Т.2. М., 2009
2. О.Г. Большаков. История халифата. Т.3. М., 2002
3. В.В. Бартольд. Работы по истории ислама и арабского Халифата. Сочинения, т.6. М., 1966
4. Л.А. Семенова. Салах ад-Дин и мамлюки в Египте. М., 1966

Мақаланы дайындаған:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шығыстану факультеті

арабтану және ирантану кафедрасының доценті,

тарих ғылымдарының кандидаты

Актаулова Бақыт Жұмажанқызы